

8. Серебряков И.Г. Учение о жизненных формах на современном этапе. //Итоги науки и техники. Ботаника. М., 1972. С. 84-169.

Түйіндеме

Мақалада Echinacea purpurea (L.) Moench. дәрілік өсімдігін Іле Алатауының бөктерінде жерсіндіру жұмыстары жүргізілгендігі және оларды өсірудің оңтайлы жолдары қарастырылған. Осы жылдар аралығында өсімдіктің өнімділігі анықталып, фенологиялық бақылаулар жүргізілген.

Resume

The material of introduction in culture of new medicinal plants for Kazakhstan Echinacea purpurea (L.) Moench. were given. Have proved the perspective for future complex research and involving in practical using.

ӘОЖ 619:616.993.1:636.32/38

ДЕГЕРЕС ҚОЙЛАРЫНЫҢ ЭЙМЕРИЯЛЫ- МАРШАЛЛАГИЯЛЫ ИНВАЗИЯСЫ

А.А. Туғанбаев

ЖШС «Қазақ ғылыми-зерттеу институты», Алматы қ.

О. Беркінбай

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

Қазақстанда қой шаруашылығы ежелгі мал шаруашылығы саласының бірі. Халықты жоғары жұғымды азықпен (сүт, ет, ірімшік, күрт), ал өнеркәсіпті құнды ауыл шаруашылық шикізаттарымен (жүн, елтірі, қой терісі) қамтамасыз етеді.

Қой басының өсуіне және олардың өнімділігінің жоғарылауына кедіргі келтіріп отырған жалпы себебкерлердің ішінде инвазиялық аурулар ерекше орын алады. Тоғышарлардан түскен экономикалық зиян залалданған жануарлардың өлуінен, олардан алынатын өнімдердің төмендеуінен, ауру жануарлардан өміршеңсіз ұрпақ алудан, азық шығынының көбеюінен жиналады.

Қазақстанда соңғы кезде дейін жануарлардың эймериялары, маршаллагиялары және олар туғызатын аурулар жеке-жеке қаралып және зерттелініп келген [1-4]. Авторлар организм иесіне тоғышарлардың тек бір таксономиялық тобының әсерін ғана есепке алып отырған. Алайда өндірісте инвазиялық аурулардың қоздырғыштары көпшілік жағдайда жануарларда

аралас күйінде тоғышарлық өтеді [5] және құрамды ауру туғызады. Ондай аурулар жеке ауруларға қарағанда ауырлау өтеді және шаруашылыққа орасан зиян келтіреді. Қазақстанда кейінгі кезде қойлардың аралас инвазияларын (эймериялы-нематирозды, эймериялы-саркоцистозды, эймериялы-мониезиозды, эймериялы-хасстилезиозды, эймериялы-буностомозды) [6,7] зерттеуге және олармен күрес шараларын жасауға арналған жұмыстар пайда бола бастады.

Қазақстанда өлі күнге дейін қойлардың эймерия мен маршаллагиялар паразитоценозын және олар туғызатын құрамды инвазиялық ауруы зерттелінбеген. Жануарларда аралас эймериялы-маршаллагиялы инвазиясының таралуы және олардың аталған инвазиямен мерзімдік және жасына байланысты залалдануы зерттелінбеген.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты Қазақстанда қойдың аралас эймериялы-маршаллагиялы инвазиясын зерттеу. Аталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: қойлардың аралас эймериялы-маршаллагиялы инвазиясыны мерзімдік және жасына байланысты залалдануын зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Материалдарды жинау Алматы облысы Жамбыл ауданы «Мәди» шаруашылық қожалығында жүргізілді. О. Беркінбай [8] әдісімен тірі күнінде 360 қой зерттелінді.

Зерттеу нәтижелері.

Аралас эймериялы-маршаллагиялы инвазия қойлардың тексерілген 69,4%-нан тіркелді (1 кесте). Аралас инвазияларда эймериялар 1,4 есе басыңқы. Дегерес қойларының залалдануы олардың жасына байланысты. Жасы өскен сайын жануарлардың аралас инвазиямен залалдануыда жоғарылай береді. Мысалы, бір жасқа дейінгі төлдердің инвазия экстенсивтілігі (ИЭ) 58,3% құрайды, бір жасан екі жасқа дейінгі төлдердің – 81,7%, ересектердің – 68,3%, ал инвазия қарқындылығы (ИҚ) осы аталған топтарда, 327 эймерия ооцисттасы:267 маршаллагия жұмыртқасы, 44:13 және 40:16 сөйкес болды. Барлық топтарда эймериялар маршаллагиялардан басыңқы болды: бір жасқа дейінгі төлдерде 1,2 есе, екі жасқа дейінгі төлдерде 3,4 есе, ал ересектерде 2,5 есе.

1 кесте

Қойлардың эймериялы-маршаллагиялы инвазиямен жасына байланысты залалдануы

Жас мөлшері	Инвазия экстенсивтілігі, %	Инвазия қарқындылығы, дана	Тоғышарлардың ара қатынасы
1 жасқа дейінгі тұл	58,3	327:267	1,2:1
1 жасан 2 жасқа дейінгі төл	81,7	44:13	3,4:1
Ересектер	68,3	40:16	2,5:1
М [□] т	69,4	122:85	1,4:1

Аралас инвазия әр түрлі жас мөлшерлі топтарда және әр түрлі маусымда әр қилы болып кездеседі (2 кесте). Бір жасқа дейінгі төлде инвазия экстенсивтілігі қыста 76,7% құрайды, көктемде - 53,3%, жазда - 36,7%, күзде - 66,7%, ал инвазия қарқындылығы жыл мерзімдеріне сәйкес: 210:785; 1021:4; 106:25 және 29 эймерия ооцисттасы: 15 маршаллагия жұмыртқасы болды. Қыста маршаллагиялар 3,7 есе басыңқы болса, ал қалған жыл маусымдарында эймериялар басыңқы болды, әсіресе көктемде 255 есе. Екі жасқа дейінгі төлде ИЭ қыста 86,7% құрады, көктемде - 83,3%, жазда - 73,3%, күзде - 83,3%, ал ИҚ жыл мерзімдеріне сәйкес: 9:12; 126:23; 23:11 және 15:7 болды. Қыста маршаллагиялар 1,4 есе басыңқы болса, қалған жыл маусымдарында эймериялар басыңқы болды: көктемде 5,5 есе, жазда және күзде 2,1 есе. Ересек қойларда ИЭ қыста 68,3% құрайды, көктемде - 70,0%, жазда - 83,3%, күзде - 56,7%, ал ИҚ жыл мезгілдеріне сәйкес: 59:29; 38:10; 45:22 және 21:5 болды. Барлық жыл мезгілінде де эймериялар басыңқы болды: қыста және жазда 2 есе, көктемде 3,8 есе, күзде 2,4 есе.

2 кесте

Қойлардың эймериялы-маршаллагиялы инвазиямен жасына және жыл мезгіліне байланысты заладануы

Жас мөлшері	Инвазия экстенсивтілігі, %	Инвазия қарқындылығы, дана	Тоғышарлардың ара қатынасы
Қыста			
1 жасқа дейінгі төл	76,7	210:785	1:3,7
1 жастан 2 жасқа дейінгі төл	86,7	9:12	1:1,4
Ересектер	70,0	59:29	2:1
М _т	77,8	90:271	1:3
Көктемде			
1 жасқа дейінгі төл	53,3	1021:4	255:1
1 жастан 2 жасқа дейінгі төл	83,3	126:23	5,5:1
Ересектер	83,3	38:10	3,8:1
М _т	73,3	310:13	24:1
Жазда			
1 жасқа дейінгі төл	36,7	106:25	4:1
1 жастан 2 жасқа дейінгі төл	73,3	23:11	2,1:1
Ересектер	63,3	45:22	2:1
М _т	57,8	49:18	2,7:1
Күзде			

1 жасқа дейінгі тұл	66,7	29:15	2:1
1 жастан 2 жасқа дейінгі тұл	83,3	15:7	2,1:1
Ересектер	56,7	12:5	2,4:1
Мұш	68,9	19:9	2.1:1

Сонымен, қойлардың эймериялы-маршаллагиялы инвазиямен залалдануы олардың жасына және жыл мезгіліне байланысты. Екі жастан асқан қойлар аралас инвазиямен артық залалданған. Барлық жағдайда эймериялар басыңқы.

Біздің зерттеулердің нәтижесінде қойлардың организмінде эймериялы-маршаллагиялы инвазия барлық жыл мезгілдеріне кездесетіні белгілі болды. Екі жастан асқан қойлар эймериялы-маршаллагиялы инвазиямен артық залалданған. Бұл кезде эймериялар басыңқы. Тау етегі аймағында қойлардың эймериялы-маршаллагиялы инвазиямен залалдануы қыста 77,8% құрайды, көктемде – 73,3%, жазда – 57,8%, күзде – 68,9%. Қыста маршаллагиялар басыңқы, ал қалған жыл мезгілдерінде – эймериялар. Бір жасқа дейінгі төлде аралас инвазиямен залалдануы шыңы қыста тіркелген, одан кейін ақырындап төмендейді, көктемде – 53,3%-ға дейін, жазда – 36,7%-ға дейін, күзде залалдануы жоғарылай бастайды (66,7%). Қыста маршаллагиялар эймериялардан басыңқы болып келеді, ал қалған жыл мезгілдерінде (көктемде, жазда және күзде) – керісінше, - эймериялар. Бір жастан екі жасқа дейінгі төлдің аралас инвазиямен залалдануы барлық жыл мезгілдерінде де жоғары: көктемде және күзде ИЭ 83,3% құрайды, қыста – 86,7%-ға жетеді, жазда сәл төмендейді (73,3%). Қыста маршаллагиялар басыңқы болса, ал қалған жыл мезгілдерінде эймериялар маршаллагиялардан басыңқы болып келеді. Ересек қойлардың аралас инвазиямен залалдануы шыңы көктемде тіркелген (83,3%), одан кейін малдардың залалдануы төмендей бастайды: жазда – 63,3%-ға дейін, күзде – 56,7%-ға дейін, қыста ИҚ 70,0%-ға дейін жоғарылайды. Барлық жыл мезгілдерінде де эймериялар маршаллагиялардан басыңқы (2 еседен 3,8 есеге дейін).

Қорытындылар:

1 Тау етегі аймағында жайылатын қойлардың эймериялы-маршаллагиялы инвазиямен жалпы залалдануы 69,4%, қыста – 77,8%, көктемде – 73,3%, жазда – 57,8%, күзде – 68,9%.

2 Бір жасқа дейінгі төлдің аралас инвазиямен залалдануы 58,3%, екі жасқа дейінгі төлдің – 81,7%, ересек қойлардың – 68,3%.

3 Бір жасқа дейінгі төлдің аралас инвазиямен залалдануы қыста 76,7% құрайды, көктемде – 53,3%, жазда – 36,7%, күзде – 66,7%; екі жасқа дейінгі төлдің ИЭ көктемде және күзде 83,3% құрайды, жазда – 73,3%, қыста – 86,7%,

ал ересек қойлардың ИЭ қыста 70,0% құрайды, көктемде – 83,3%, жазда – 63,3%, күзде -56,7%.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орлов Н.П. Кокцидиозы сельскохозяйственных животных. – М.: «Сельхозгиз», 1956. - 165 с.
2. Бөев С.Н., Соколова И.Б., Панин В.Я. Гельминты копытных животных Казахстана. - Алма-Ата, 1963. - 536 с.
3. Сванбаев С.К. Кокцидиозы сельскохозяйственных животных Казахстана. - Алма-Ата: «Наука», 1977. - 264 с.
4. Кузнецов В.И. Справочник по профилактике гельминтозов в промышленном овцеводстве. - Алма-Ата: «Кайнар», 1980. - 176 с.
5. Панасюк Д.И., Филиппов В.В. Проблемы паразитоценозов и ассоциативных болезней в современных условиях // Сельскохозяйственная биология. – 1985. - № 5. – С. 72-78.
6. Беркинбай О. Смешанные инвазии овец Казахстана: автореф. дисс. докт. вет. наук. – Алматы, 2007. – 47 с.
7. Касымбекова Л.Н. Эймериозно-стронгилятозные инвазии овец на востоке Казахстана, меры борьбы с ними: автореф. дисс. канд. вет. наук. – Алматы, 2009. – 23 с.
8. Беркинбай О. Предварительный патент Республики Казахстан. № 7820. Способ диагностики ассоциативных паразитарных болезней овец. Опубликовано 15.07.99.

Резюме

В данной статье рассматривается уровень распространенности смешанного эймерии-маршаллагияозной инвазии среди мелкого рогатого скота в южном регионе. Авторы указывают на то, что встречаемость болезни среди овец породы дегерес зависит от возрастных и сезонных особенностей региона. Также рассмотрены межвидовые соотношения паразитов, степень интенсивности и экстенсивности инвазии.

Resume

This article deals with prevalence level of mixed eimeria-marshcal-lagioznoy invasion among small cattle in southern region. The authors say that occurrence of diseases among sheep breeding of degeres depend on age and season peculiarities of region. Interspecific parities of parasites the level of intensity and extensity of invasion.